

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/EZPK4817>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕГІ ИДЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

FTAMP 14.09.95

<https://doi.org/10.48081/NHOO3425>

***Ж. Н. Кумисбекова¹, Р. К. Керимбаева²,
Ж. Т. Сарыбекова³**

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²М. Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

³Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

*e-mail: kumiszh@mail.ru

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-2802-6658>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0430-1831>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7943-0318>

ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Интеграция теориясына бағытталған интеграцияланған оқыту барлық уақытта да педагогикалық ой таластың ортақ та өткір тақырыбы болып табылады. Оқу бағдарламасын жоспарлау, оқытуға бағалау деген кешенді көзқарас, білім беру теориясы мен оқу бағдарламасын саралау педагогикалық бағытта бұрыннан талқыланып келе жатыр. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада осы зерттеулердің негізінде профессор Алма Қыраубаеваның оқыту технологиясына тиесілі педагогикалық зерттеуге шолу жасап, оның өмірлік және кәсіби тәжірибесін интеграциялық негізде қолдау көрсететін негіздемелер мен тұжырымдарға салыстырмалы түрде талдау жүргізілген. Әлемдік педагогика мен отандық педагогикада интеграцияланған оқыту технологиясы бойынша бірде-бір автор мен нақты ізашар белгіленбегені анық. Заман талабына сай ол білім беру барысында тәжірибемен бірге дамып, оны бірішама зерттеушілер

мен тәрбиешілер, білім беру саласының практиктері дайындады. Ғалым, профессор Алма Қыраубаева елімізде интеграцияланған оқыту технологиясын қалыптастыратын ізашарлардың бірі болып отыр. Заман ағымына орай уақыт өте келе оқыту технологиясының дамуы мен интеграцияланған оқыту тұжырымдамасы танымал бола бастады, оны біршама білім беру мекемелері мен ұйымдары кеңінен қолданылады. Бүгінгі күні көптеген тәрбиешілер мен білім беру мекемелері ұтымды оқыту ортасын құру үшін компьютерлерді, интернетті, онлайн оқыту курстарын және басқа да технологиялық құралдарды қолдана отырып, дәстүрлі оқытудың әдістерін біріктіре отырып, интеграцияланған оқыту технологияларын белсенді түрде қолданады.

Кілтті сөздер: интеграцияланған оқыту, интеграциялық технология, ұлттық болмыс, ұлттық мектеп, «Сенім» бағдарламасы, пәнаралық байланыс, оқушы тұлғасы, шығармашылық.

Кіріспе

Қазақстанның жоғары білім беру кеңістігіне бейімделу үдерісі нәтижесінде отандық университеттер интеграцияланған оқыту технологияларын ендіру, оны қазақтың ұлттық көзқарасы мен тұтастығын қайта жаңарту арқылы жастарды өзін-өзі дамытуға дағдыландыруға бағытталған өзгерістер орын алуда. Уақыт өте келе аталмыш технология бірқатар зерттеушілер, тәрбиешілер мен білім беру саласының педагогтерінің ұтымды бағдарламаларына айналды.

Интеграцияланған оқыту технологиясының авторы Қазақстандық тәжірибеші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева. Ол қазақ әдебиеттану тарихын жан-жақты зерттеуші, әдеби сыншы, ғалым Бисембай Кенжебаевтың шәкірті және қазақ ғылымындағы ерекше тұлғалар Мұхтар Мағауин, Мырзатай Жолдасбековтармен қатар шәкірт ретінде сүбелі еңбектер жазған ғалым. Мұхтар Мағауин [1] профессор Алма Қыраубаеваның қазақ әдебиетіне қосқан сүбелі үлесін былай салмақтаған: «V-XV ғасырлар аралығында мыңжылдық ұзақ дәуір ішінде түрік тілінде жасалған көптеген толып жатқан ескерткіштер туыс түрік халықының бәпінде бірдей ортақ мұра екендігі – көптен белгілі, ақиқат. Алайда біз көне түрік ескерткіштерінің қазақ әдебиетіне қатысы бар ма, жоқ па деген мәні жоқ талас төңірегінде көп уақытымызды өткізіп алдық. Осының нәтижесінде көне жәдігерлерді зерттеу саласында өзімізбен туыстық қатынасы бар түрік халықтарының, оның ішінде татар, өзбек ғалымдарынан көш кейін қалдық. Қазақ әдебиетшілері

көне түрік әдеби мұраларын зерттеуге он жыл ішінде ғана ден қойды. Кеш әрі сылбыр бастағандықтан күні бүгінге дейін ауыз толтырып айтарлық шаруа тындырғанымыз жоқ. Міне, сол себепті де жас зерттеуші Алма Қыраубаеваның жұртшылық назарына ұсынып отырған «Қыссас Рабғузи» мен «Мұхаббат-наманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» атты ғылыми еңбегі мейлінше құптауға лайық.

А.М. Қыраубаева ежелгі дәуір әдебиетінің үнін бүгінгі күнге дейін жетуіне себепкер болған ғалымдардың бірі. Мұралы еңбектердің бірі әрі бірегейі «Бес томдық шығармалар жинағын» бар.

1 том. «Ғасырлар мұрасы» 2008 ж.

2 том. «Ежелгі әдебиет» 2008 ж.

3 том. «Шығыстық қисса дастандар» 2010 ж. [2].

4 том. «Жаным садаға» 2011 ж.

5 том. «Мыңжылдық жолаушы» 2012 ж. [3].

Профессор А. М. Қыраубаева үшін қазақ баласының өзінің төл дүниетанымында тербеліп, ата-бабасының өмірде түйген тәжірибелерін кіріктіре отырып білім беру арқылы, олардың үнемі терең күре тамырдан нәр алып тұруы маңызды болды. Ғалым зерттеулеріндегі басты әрі негізгі мақсат осыған келіп саяды. Оған ғалымның өзі негізін қалаған авторлық мектеп технологиясы ретінде танымал «Ұлттық мектеп» стратегиясы мен тактикасы және «Сенім» бағдарламасы. Біздің мақсатымыз профессор А. М. Қыраубаеваның ғылыми шығармашылығын насихаттап, ұлттық мектептің негізін салғанын зерттеу.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу профессор А. М. Қыраубаеваның интеграцияланған оқыту технологиясын оқу үдерісінің тұтастығын сақтаудың сабақтастығы, әдіснамалық принципі ретінде қарастырып, ғалымның ұсынған әдістемесін бір-бірімен ішінара салыстыру және сәйкестендіру көзделеді. Ғалымның еңбектерінде оқыту технологиясының әртүрлі элементтерін біріктіру арқылы негізгі түпкі мақсатқа назар аударуды талап етеді. Ғалым жаңа идеялар мен әдістерді жан-жақты саралауға мүмкіндік тудыратын текнологиялық әдістерді қолдана алу мүмкіндігін ұсынған. Осы ретте профессор А. М. Қыраубаева педагогикалық әдіс-тәсілдерін абстрактілі емес, оны қалыптасқан тарихи-мәдени жағдайдан бөліп жармай зерттеуді талап ететін мәдени-тарихи тәсіл қолданды. Зерттеу басында ғалымның ғылыми еңбектері мен қос авторлық жұмыстары, ғалым туралы жазған әріптестері мен шәкірттерінің жарияланымдары пайдаланылды. Мақаланың өзегі ретінде профессор А. М. Қыраубаеваның кешегі күнгі педагогикалық ғылыми негіздерін бүгінгі күнгі жаңа білім беру трендтерімен сабақтастырған

«Интеграцияланған оқыту технологиясындағы сабақтастық элементтер» атты кесте құрылды. Кестені орта білім беру саласында ұлттық білім беру бағыты негізінде пайдалануға толық мүмкіндік бар.

Нәтижелер және талқылау

Әлемдік білім беруде, білім беру жүйесінде технология мен онлайн ресурстарды пайдалана отырып, дәстүрлі оқыту технологиясы сабақтастырылған «біріктірілген» немесе «кіріктірілген» оқыту идеясы 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында дами бастады. Аталған уақыттарда оқу үдерісін біріктіруге негіз болатын алғашқы компьютерлік бағдарламалар мен онлайн бағытқа негізделген интерактивті курстар да пайда болды. Алғаш америкалық бизнес теоретик және Гарвард бизнес мектебінің профессоры, жылы «Disrupting Class: How Disruptive Innovation will Change the Way the World Learns» [4] деп аталатын еңбек жазып, өз зерттеуінде білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру үшін онлайн білім беру мен дәстүрлі оқыту әдістерін біріктіруді ұсынған, Клейтон Кристенсен, Кертис Джонсон және Майкл Хорнды атауға болады. Студенттердің курстық оқу материалын мәтіндік және интерактивті форматта іске асу, тапсырманы ұсыну үшін қашықтықтан оқыту әдістемесін пайдаланып, әр тақырып соңында берілген тапсырмаларды, жаттығуларды түзету жолдары мен тексеруден тұрды. «Интеграцияланған кері байланыс жүйесі ұстаздардың қажеттілігіне негізделген жекеше оқытуды жүргізуге мүмкіндік туғызады» [5].

Педагогика ғылымында «интеграция» мәселесі жан-жақты қарастырылап, зерттелген, әлі де терең талқылауды қажет ететін тақырып. Зерттеу барысында пәнаралық байланыстар мәселесі бірнеше рет көтеріліп, білім беру тарихында мұғалімдердің «пәнаралық қозғалыстарын» сипаттайды. Ресейлік педагогикада аталған қозғалысты Ленинград пәнаралық мектебінде және осы тақырыптағы жұмыстардың жетекші авторы ретінде танылған профессор В.Н.Максимова ұсынады [6].

Оқытуды ұйымдастырудағы интеграция С. М. Гапеев пен Г.Ф.Федореттің еңбектерінде қарастырылады. «Интеграция принципі оқу үдерісінің барлық компоненттері, жүйедегі барлық элементтер, салалар арасындағы ажырамас байланыстарды болжайды, ол нақты мақсат қоюды, оқудың мазмұнын, формасын, әдістерін нақты анықтауға жетекші болып табылады» [7]. Зерделей келе интеграцияланған оқыту технологиясы:

- Батыста «технологиялық интеграция» ретінде;
- Ресейде «пәнаралық» бағытта;
- Қазақстанда «сабақтастық» форматында орын алғанын көруге болады.

Ғалым, профессор Алма Мүтәліпқызы арнайы «Сенім» бағдарламасын жазып, соның негізінде «Ұлттық мектеп» ашуы осы аталған мақсатты

жүзеге асыруға бағытталғандығы анықталды. Алайда, бұл істің өз мәресіне жетпегені, оның толық қанды жүзеге асырылмағаны белгілі. Зерттеу барысында ғалым ұсынған «Сенім» бағдарламасының толық іске аспауының негізгі себептері мен келтірілген кедергілері анықталды. Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесіне «Сенім» бағдарламасының жаңа моделін ұсыну көзделуде.

Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеген, А. М. Қарубаева жаһанданудың нақ ортасында жүрген жастардың тамырын ажырата алмай, сол арқылы бояуы бұзылмаған, іргесі сөгілмеген, дүниетанымы кең, дүниеге деген көзқарасы тұтас, ұлттық болмысты сабақтастыра отырып болашақ ұрпаққа беру мәселесін көздеген және де осы әдіс қана ұрпағымызды «қазақ» ретінде аман алып қалады деген сенімде болған.

А. Қасымбек А. М. Қыраубаеваның баланы жан-жақты сенімсіздік жағдайларынан арылту туралы зерттеулерін талдады [8]:

«Хат жазысу» – оқушының креативті шығармашылық мүмкіндіктерін ашады, мотивациялық хат, эссе жазуға бейімдейді;

«Практикалық бейнелеу сабақтары» - сандық түсініктен сапалық түсінікке бейімдеу, ойлау дизайнын құрып шықармашылыққа тәрбиелейді;

«Музыка» – үзіліс, практикалық бейнелеу сабақтары, біршама сабақтарды музыкамен тығыз байланыста болуы баланың жан-жақты ашылуына көмектеседі;

«Бала шығармашылығын дәріптеу» - баланың сурет, өлең шығару, қолөнер т.б. арқылы күнделікті шығармашылыққа баулу;

«Шығармашылық және би мәдениет кештері» - баланың кез-келген ортада ұялмай, өзін еркін ұстауға жағдай жасау;

«Тұлға мәдениетін қалыптастыру» – талғаммен киінуге баулу, өз қимыл-қозғалысын дұрыс иегере алуы.

Аталған дағдыларды балалардың бойына қалыптастыру, дамыту арқылы оларды ынжық болудан, еріншектіктен алшақтатып, өзіне, отбасына және де өз еліне шынайы қызмет етуге дайын тұратын азаматтарды тәрбиелеу арқылы білім беру мүмкіндігін арттырады. Интеграцияланған оқыту процесі арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатындығын зерттеген ғалым «Пәнді оқытудағы замануи ізденістер: технология және жаңашылдық» атты еңбегінде оқыту үрдісін технологияландыру қажеттілігін алға тартады. Тек қана технологияланған оқу үрдісінде ғана шынайы нәтижеге жеткізу, білім беруде ең алдымен тәрбиені негізге алу керектігі, ол оқушылардың бойында қазақи ұлт мәдениетін дарытуға мүмкіндік беретіндігі көрсетілген:

Білім мен тәрбие негізін ұлттық тәрбие мен тағылымына негіздеп, тәрбие саласының ұлттық құндылықтарын іздеу;

2 Талбесіктегі тәрбиенің көзі – ұлтымыздың ұрпағына жеткізген демократиясы (елдің басында білікті азамат, дана қарт, ақылгөй ана, білекті де жүректі батыр), еркіндік (әке тұрып ұл сөйлер – айтары болса) пен көшпенділер мәдениетіне негізделген қарым-қатынас (үлкен-кіші, аға-жеңге, дос-дұшпанды қонақ ету, өнерлі жанға сый-құрмет, табиғатпен тұтастық – елін, жерін қастерлеу, өсімдігі мен жануарын кие тұтып қастерлеу құбылысынан жанына рух алу т.б.), рухани сенімділігі;

3 Халық даналығы бала жүрегіне құйылатын тәрбие құралы. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін (ертегі, жаңылтпаш, жұмбақ, шешендік сөздер, аңыз әңгімелер) қолдану;

4 Ұлттық психология құндылығы: тұлғаны тану, яғни баланың сырт келбетінен, айтқан сөзі мен көзінен тани алу, дүние сырын бір сөзбен, іс-әрекетімен ұғындыра білу («Керегем, саған айтам, уығым, сен тыңда...»), елдің, ердің бірлігін таныту әрекеті (бір бума шыбықты сындырту, «Адасқанның айыбы жоқ...») т.б.;

5 Тәрбиенің қайнар көзін үйретіп таныту мақсатында қазақ халқының тарихын түзететін мәдени, әдеби, өнер мұраларды насихаттау, ана тілін тұлғалық (адами) қажеттілігін қанағаттандыру құралы ретінде ұсыну [9].

Бұл әдістер ғалым ұсынған білім берудегі тәрбиенің қайнар көзі баланың ұлттық тамырымен сабақтасқан, кіндіктес екендігін байқатып тұр. Қазақтың дәстүрлері қазақи отбасыға, сол отбасынан тәрбие алып жатқан балаларға өмір сүру барысында маңызды модельдер мен рухани құндылықтарды насихаттауға, оларға назар аударуға мүмкіндік тударады. Ұлттың тамырынан ажырамайтын бала отбасынан көрген адалдықты, сенімділікке ие бола алады. Өзінің мәдени тарихи тамырымен сабақтасқан, ұлттық дәстүрлерден хабардар болуы тұлғаның жағымды мінез-құлқын қалыптастырып, баланың өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, рухани құндылықтарды меңгеруіне мүмкіндік ашады.

Философия, мәдениеттану, тарихи этнографиялық зерттеулерде көрсетілгендей тұлғаның мәдени-тарихи болмысын қалыптастырудың жолдары өте көп, алайда оның барлығы бір арнаға келіп тіреледі. Ол – баланың ана тілі. Балаларды жастайынан екі тілділікке немесе көптілділікке үйретудің көптеген артықшылықтары бар. Олай дейтініміз адамдар белгілі бір тілді үйрене отырып, өз бойына қалыптастыра алады. Тіл дегеніміз бұл отбасының тарихын, маңызды рухани әңгімелері мен ұлттық дәстүрлері жайында толықтай түсінік бере алатын қуаты мол құрал. Біраз тілді меңгерген оқушылар отбасының тарихы мен жалпы дүниежүзі тарихының мәліметтерін жақсы ұғына алады, солай бола тұра өз тілін жетік меңгере

отырып өз ұлтының сапалық тереңдігіне, рухани байлығына бойлай алары сөзсіз. Генетикалық сонымен қатар мематикалық ара жіп үзілмейді. Тіл маманы ретінде ғалым-ұстаз оны өте жақсы түсінген, сондықтан да өткен мен бүгінгі білімді сабақтастыра отырып тоқтаусыз алға қарай жылжуды, дамуды көздейді. Профессор-ғалым заман талабына сай біліммен қаруландыруды, одан нақты да салмақты нәтиже алуды көздеп, оқытуға қатысты технологияларды жетік меңгеру, үйрену аса маңызды екендігін айтады. Ұсынылған кестеден ғалымның оқу үдерісіне енгізген пәндері мен әдістеріне талдама жүргізіледі. Ғалым өзі ашқан ұлттық мектепте аталған пәндерді жүргізе отырып, кіріктіре оқыту, пәнаралық байланыс, аралас сабақ, жаңа технологиялардың элементтерін сабақтастыруды ендірді. Төмендегі 1-кесте профессор А.М.Қыраубаеваның ғылыми шығармашылық еңбектеріне сүйене отырып құрастырылды.

1-кесте – Интеграцияланған оқыту технологиясындағы сабақтастық элементтері

Сабақтар атауы	Қалыптастыру мүмкіндігіне ие дағдылар	Сабақтарға сәйкес келу мүмкіндігіне ие әдістер	Әдісті қолдану ерекшеліктері
Әлемтану сабағы	Дүние-жаратылыс әліппесін игеру, ұлы адамдарды үлгі тұту, әмбебаптылық пен жасампаздықты қалыптастыру.	«Оқытудың технологиясы» әдіс-тәсілдері	Қоршаған ортаны танып білуге ұмтылып, оқушылардың жан-жақты ойлауына, ой танымының сан қилы жолдарының көп түрлі болуына дағдылануы.
Ежелгі әдебиет сабағы	Отансүйгіштік, сөз шеңдік қабілет, мәдени тарихи тәсілдерді меңгеру дағдысын қалыптастыра алады	«Сатылай талдау, сатылай кешенді талдау» технологиясы	Жалпы оқушылардың бір сұрақ төңірегінде бірге ой талқыға салуы. Бірге талқылауына мүмкіндік болғанда кең саралау өрісіне ие бола алуы.

Сабақтар атауы	Қалыптастыру мүмкіндігіне не дағдылар	Сабақтарға сәйкес келу мүмкіндігіне не әдістер	Әдісті қолдану ерекшеліктері
Ислам мәдениеті сабағы	Пікірталас жүргізу қабілеті, сабырлық, әдептілік, көпмәдениеттілік сынды қарым-қатынас дағдыларын сіңіру.	«Дөңгелек үстел» әдісі	Бұл сабақта дөңгелек үстел әдісін пайдаланып қатысушыларға белгілі бір тақырып беріп, сол тақырып төңірегінде білім деңгейі бір деңгейде болуын қадағалайды, сол негізде олар дайындаған жауаптары бойынша пікірталас жүргізе алады.
Елтану сабағы	Қазақ тілі мен философиясын, сондай-ақ қазақ тарихы мен әдебиетін, мәдениетін тану арқылы қазақ тарихының әліпбиін меңгерту	«Оқытудағы үш өлшемді әдіс» технологиясы	Бұл әдіс үш кезенді қамтиды, әр кезеңдегі орындалуға тиіс тапсырманы қажетті тақырыпқа сай үйлестіре отырып, оқушылардың өз бетінше берілген материалды меңгеруіне ықпал етеді.
Әдеп сабағы	Әдемілікті, ізеттілік пен ізгілікті, сыпайлық пен толеранттылықты, байсалдылықты әдеп сабағы арқылы үйретуге ұмтылу	«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын пайдалану	Тақырып аясында өзгеше мәселе туындаған жағдайда ғана пайдалануға болатын әдіс. Тапсырманы сыни көзқарас арқылы шешімін табу, дәлелдеу.

Сабақтар атауы	Қалыптастыру мүмкіндігіне ие дағдылар	Сабақтарға сәйкес келу мүмкіндігіне ие әдістер	Әдісті қолдану ерекшеліктері
Қыз бала әдебі және ұл бала әдебі сабағы	Оқушыларға болашақта өмірге керекті дағдылады меңгерту. Ұл баланы отбасындағы ер азаматқа тән жұмыстарды үйренуге дағдыланса, қыз балаларға үй шаруасына қатысты еңбек ету. Қыз балаға болашақ ана тұрғысынан қарау және солай тәрбиелеу	«Рөлдік ойындар» әдісі	Қыз балаға да, ұл балаға да әр түрлі рөлдерді беріп, әр түрлі жағдайларға байланысты мәселелерді шешу жолдарын анықтауға, шешудің әр қырын көре білуге үйрету. Сабақ барысында алған білім дағдыларын өмірде тиімді қолдана алуына жағдай туғызу

Ғалымның интеграцияланған технологиясындағы негізгі педагогикалық ұстаным оқушылардың еркіндігі мен дербестігін қалыптастыру, яғни тұлғаға бағдарлы оқыту. Қазіргі кезде мектеп оқушыларының оқу үдерісі барысында ескерілетін ең маңызды ерекшелік, олардың еркін дамуына, баланың өзіндік жеке шеңберін сақтауға, қорғауға жағдай жасау. Бұл жеткіншектердің бойында тәрбие мен білім беру дағдысын қалыптастырудың негізгі ережесі, қазіргі педагогикалық үдерістің басты қағадаты.

Осы шақта оқушылардың қоршаған ортаға тәуелсіз және де еркіндігін автономды түрде өздігінше дербестікте танытатын өтпелі өмірлік кезеңі болып табылады. Сондай-ақ қазіргі кезде жеткіншектер ұялы байланыстар мен әлеуметтік желінің өте белсенді пайдаланушы екендігін ескеру қажет. Смартфондар мен планшеттер арқылы жан-жақтан табылған досатырмен байланыса отырып өз өмірлеріндегі жағымды жаңалықтармен бөліседі және де көптеген жағымды ақпараттарды алу үшін белсене пайдаланады. Осы жағдай барысында оларға біршама сын қатерлер кездесуі де мүмкін. Оның себебі келіп жатқан ақпараттардың сұрыпталып қаралмауында. Өзінің тілін, дінін, ұлттық салт дәстүрлерін, ежелгі дәуір әдебиетін, өзінің тарихы мен мәдениетін жақсы меңгерген оқушы бойында арнайы сүзгі қалыптасары

сөзсіз. Ол келген барлық ақпараттарды сол ой сүзгісінен өткізіп, саралап, өзіне қажетті дегенін ғана сұрыптап, қажетсізін ысырып тастауғы күш-жігері жетеді, қауһарлы бола алады. Профессор А. М. Қыраубаева көздеген интеграцияланған оқыту технологиясының өзіндік сипаты мен негізгі мазмұны осындай оқу-тәрбие бағыттарын қамтиды.

Қорытынды

Жалпы адам баласының тоқтаусыз алға қарай қарыштап дамуы, әлемнің жақсы жаққа өзгере алуының негізгі қозғаушы күші ол білім беру технологиялары. Оқыту технологиясы білім беру жүйесіне өзгеріс енгізу үшін ғана емес дағдарыс жағдайында, білім жүйесіндегі туындаған қиындықтарды тиімде шеше алуға дұрыс жол табуға көмектеседі. Оған негіз Covid-19 әлемнің дағдарыс кезіндегі жаңаша білімдегі ізденіс арқылы адамдарды тығырықтан алып шыққан ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) дәлел бола алады. Бұл тұрасында S.Thahmeem, M.Abidin, Q.Mirza және де H.Pathan сынды авторлардың «Online teaching benefits and challenges during pandemic COVID-19: a comparative study of Pakistan and Indonesia»[10] ғылыми мақаласы әлемдегі барлық адамдардың өмірінің түрлі саласындағы іс-әрекеттерге шектеулер болған кезде, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) бір жағынан оқыту мен оқуды қолдауда көмекші рөл атқарды деген ой-пікір білдірген болатын. Christopher Tayo Omotunde[11] сынды автор «Lecturer's perception towards intergrating ict into teaching and learning during the post covid era» атты ғылыми мақаласында Covid-19 пандемия туралы жазылған. Ол әлемді астан-кестең етті, білім беру саласында жағымды жаңалықтар болған жоқ деп тұжырымдады.

Дүниежүзінің білім беру мекемелері мен мектептерінде, тіпті жоғары оқу орындарында пандемия жағдайында оқытудың жаңа тәсілдерін қолдануға мәжбүр болғаны анық. Бұл кезең міндетті түрде оқу мен оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдануға әкелді. Мұғалімдер қауымы оқу жағдайындағы ауысымның алдыңғы қатарынан көрініп, өздерінің оқыту, білім берудегі тәжірибелерін жаңа технологияларға негізделген әдістерге бейімдегені белгілі.

Covid-19 пандемиясы кезінде ғалымның интеграцияланған оқыту әдістері бірнеше пәндерді кіріктіру, байланыстырып оқыту, пәнаралық сабақтастықты ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы білім беру ерекше қолданыста болды.

Қазіргі тез өзгермелі, жаһандық ақпараттық технологиялар заманында ғалымның интеграцияланған оқыту әдістері өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. А. М. Қыраубаева ұсынған оқытудың кіріктіру әдістері ұлт сапасын,

ұлт тамырындағы таза болмысын қуаттандырудың педагогикалық бағытын дамытады.

Қазіргі әлемде жетекші рөлге ие «тапқырлық пен ақылдылық», «толеранттылық пен мәдениеттілік», «өжеттілік пен көшбасшылық» идеясы ежелгі дәуірдің ислам әдебиеті мен Алтын Орда әдебиетінде берілсе, қазақ әдебиетіндегі «Орхон» ескерткіштері, «Қорқыт ата» мен «Қорқыт мифі мен Авеста», «Тоқаның баласы ержүрек Темірұлы», қазақтың Алпамысымен туыскандас, бауырлас «Алпы Бамсы», «Төбекөз алыпты өлтірген Бисат батыр», «Қазан салардың ауылына жау шапқанда туралы жыр», «Оғыз қаған жыры» мен «Оғыздық жорықтары», «Сыр бойында әдебиет», «әл-Фарабидің шығармашылығы», «Ахмет Яссауидің хикметі», «Ахмет Жүгінеки жырлары», «Қарахан әдебиетіндегі ерекше есімдер Ж.Баласағұн, М.Қашқари», «Алып ер Тұңға туралы деректер», «Қисса Жүсіб», «Қисса Рабғузи», «Жұмажұма», «Гулстан бит турки», «Недж ул-Фаради» назирасы, «Махаббатнама», «Сақ әңгімелері», «Сұлтан Бейбарыс», «Тарғытай Ширақ батырлар» сондай-ақ тағы да басқа жауһарларымыз ғалымның білім беру бағдарламасына енгізілген.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың танымын дамыту, шығармашылық ойлау қабілетін арттыру, бойына ұлттық және рухани құндылықтарды сіңіруде ғалымның ұсынған интеграцияланған оқыту технологиясы өзектілігін жоғалтпайды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Мағауин, М.** Ғасырлар мұрасы [Мәтін] : Алма апай : естеліктер жинағы / баспаға әзірлегендер Н.Мәтбек, Г.Асқарова. – Алматы : Өнер, 2016. – 450-б.

2 **Қыраубаева, А.** Шығыстық қисса-дастандар [Мәтін]: / Баспаға әзірлеген С. Дәрібайұлы. – Алматы : «Өнер», 2018. – 344-б.

3 **Қыраубаева, А.** Мыңжылдық жолаушы [Мәтін] : / Баспаға әзірлегендер Н. Мәтбек, Г. Асқарова, Н. Әли. – Алматы : «Өнер», 2018. – 528-б.

4 **Christensen, C. M., Johnson, C. W., Horn, M. B.** Disrupting Class : How Disruptive Innovation Will Change the Way the World Learns. [Text] / C. M. Christensen, C. W. Johnson, M. B. Horn // 2nd Edition. Publisher McGraw Hill. October 24. – 2016. – ISBN-13978-1259860881

5 **Capone, R., Lepore, M.** Learning to Integrated Digital Learning : A Fuzzy Cognitive Analysis Focused on Engagement, Motivation, and Participation During COVID-19 Pandemic [Text] / R.Capone, M.Lepore // – 2022. Volume 27. – <https://doi.org/10.1007/s10758-021-09571-w>

6 **Безруких, Е. Г.** Интегрированное обучение как средство организации современного учебного процесса [Текст] / Е. Г. Безруких // Проблемы педагогики. – 2019. – №6(7). – С. 8–12.

7 **Лавренюк, Е. В.** Технология интегрированного обучения [Текст]. /Е. В. Лавренюк // . – 2019. – №2. – С.14–17.

8 **Қасымбек, А. А.** Қыраубаева – жаңашыл педагог // Профессор А.Қыраубаева : ұстаздық ұлағаты мен ғылыми мұрасы: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 25.05.2022ж. / құрастырған және электронды баспаға дайындағандар : Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – А. : Қазақ университеті, 2022. – 59–63-бб. – ISBN 978-601-04-6006-5

9 **Қыраубаева, А.** Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық: оқу құралы / А. Қыраубаева, А. Қасымбек, Н. Мәтбек. – Алматы: Қазақ университеті. – 2020. – 378 Б.

10 **Thaheem, S., Abidin, M., Mirza, Q., Pathan, H.** Online teaching benefits and challenges during pandemic COVID-19: a comparative study of Pakistan and Indonesia. [Text] / S.Thatheem, M.Abidin, Q.Mirza, H.Pathan // . – 2021. – P. 311–323. – <https://doi.org/10.1108/AEDS-08-2020-0189>

11 **Omotunde, Ch. T.** Lecturers' perception towards integrating ICT into teaching and learning during the post-covid era. [Text] / Ch.T.Omotunde // Journal of Educational Studies – 2023. Vol.5. – № 2. [Электронды ресурс]. – <https://surl.li/fkrccs>

References

1 **Maǵayın, M.** Ğasyrlar murasy [Legacy of the centuries] / Aunt Alma : a collection of memories. – Almaty : Óner, 2016. – P. 450.

2 **Qyraýbaeva, A.** Shyǵystyq qissa-dastandar [Eastern Kissa-sagas] / Volume 3. – Almaty : Óner, – 2018. – P. 344.

3 **Qyraýbaeva, A.** Myńjyldyq jolaýshy [Millennium passenger]. – Almaty : Óner, 2018. – P. 528.

4 **Christensen, C. M., Johnson, C. W., Horn, M. B.** Disrupting Class : How Disruptive Innovation Will Change the Way the World Learns. 2nd Edition. Publisher McGraw Hill. October 24, 2016. ISBN-13978-1259860881

5 **Capone, R., Lepore, M.** Learning to Integrated Digital Learning : A Fuzzy Cognitive Analysis Focused on Engagement, Motivation, and Participation During COVID-19 Pandemic. – 2022. Volume 27. – <https://doi.org/10.1007/s10758-021-09571-w>

6 **Bezrykh, E. G.** Integririvannoe ob'yechenie kak sredstvo organizatsii sovremennogo ychebnogo prosesa [Integrated learning as a means of organizing a modern educational process] / Problems of pedagogy. – 2019. №6(7). – P. 8-12.

7 **Lavrenuk, E. V.** Tehnologiya integririvannogo ob'yecheniya [Integrated learning Technology]. – 2019. – №2. – P. 14–17.

8 **Qasymbek, A. A.** Qyraýbaeva – jańashyl pedagog [Kyraubayeva - innovative teacher] / Professor A. Kyraubayeva : teaching and scientific heritage: materials of the Republican scientific and theoretical conference. Almaty, 25.05.2022. – A: Kazakh University. – 2022. – P. 59–63. – ISBN 978-601-04-6006-5

9 **Qyraýbaeva, A.** Pándi oqytýdaǵy zamanaýı izdenister: tehnologiya jáne jańashyldyq [Modern research in teaching the discipline: Technology and innovation : manual]: oqý quraly – Almaty : Kazakh University, 2020. – P. 378.

10 **Thaheem, S., Abidin, M., Mirza, Q., Pathan, H.** Online teaching benefits and challenges during pandemic COVID-19 : a comparative study of Pakistan and Indonesia. – 2021. – P. 311–323. – <https://doi.org/10.1108/AEDS-08-2020-0189>

11 **Omotunde, Ch.T.** Lecturers' perception towards integrating ICT into teaching and learning during the post-covid era. Journal of Educational Studies. – 2023.Vol. 5. – № 2. [Electronic resource]. – <https://surl.li/fkrccs>

27.01.25 ж. баспаға түсті.

19.02.25 ж. түзетулерімен түсті.

24.04.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Н. Кумисбекова¹, Р. К. Керимбаева², Ж. Т. Сарыбекова³

¹Казакский национальный педагогический

университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Таразский университет имени М. Х. Дулати,
Республика Казахстан, г. Тараз;

³Международный Таразский
университет имени Ш. Муртазы,
Республика Казахстан, г. Тараз.

Поступило в редакцию 27.01.25.

Поступило с исправлениями 19.02.25

Принято в печать 24.04.25.

ЭЛЕМЕНТЫ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ ИНТЕГРИРОВАННОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ПОДХОДЕ ПРОФЕССОРА АЛМЫ КЫРАУБАЕВОЙ

Интегрированное обучение, основанное на теории интеграции, всегда является общей и острой темой педагогических дискуссий. Планирование учебной программы, Комплексный подход к обучению и оценке, теория образования и изучение учебных программ уже давно обсуждаются в педагогической сфере. В представленной научной статье на основе данных исследований проводится обзор педагогических исследований профессора Алмы Кыраубаевой, касающихся технологии обучения, сравнительный анализ обоснований и выводов, поддерживающих четкую интеграцию ее жизненного и профессионального опыта. Ни один конкретный автор или пионер интегрированной технологии обучения в мировой и отечественной педагогике не установлен. Со временем он развивался вместе с практическим аспектом образования и был разработан многими исследователями, педагогами и практиками образования. Профессор Алма Кыраубаева является одним из пионеров, формирующих интегрированную технологию обучения в Казахстане. Со временем и с развитием технологий концепция интегрированного обучения становится все более популярной и широко используется в различных образовательных учреждениях и организациях. Сегодня многие педагоги и образовательные учреждения активно используют интегрированные технологии обучения, сочетая традиционные методы обучения с использованием компьютеров, интернета, онлайн-курсов и других технологических инструментов для создания гибкого и эффективного обучения.

Ключевые слова: интеграционное обучение, технологическая интеграция, национальное бытие, национальная школа, программа «Сенім», межпредметные связи, личность учащегося, творчество.

*Zh. N. Kumisbekova¹, R. K. Kerimbayeva², Zh. T. Sarybekova³

¹Kazakh National pedagogical university named after Abaya,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Taraz university named after M. Kh. Dulati,
Republic of Kazakhstan, Taraz;

³International Taraz university named after SH. Murtaza,
Republic of Kazakhstan, Taraz.

Received 27.01.25.

Received in revised form 19.02.25.

Accepted for publication 24.04.25.

ELEMENTS OF CONTINUITY OF INTEGRATION LEARNING TECHNOLOGY IN THE APPROACH OF PROFESSOR ALMA KYRAUBAYEVA

Integration education based on the theory of integration is always a common and acute topic of pedagogical discussions. Curriculum planning, an integrated approach to teaching and evaluation, theory of education and the study of curricula have long been discussed in the pedagogical field. In the presented scientific article, based on these studies, a review of Professor Alma Kyraubayeva's pedagogical research concerning the technology of teaching is conducted, a comparative analysis of the justifications and conclusions supporting a clear integration of her life and professional experience. In the world and domestic pedagogy, no specific author or pioneer of integrated learning technology has been identified. Over time, it has developed along with the practical aspect of education and has been developed by many researchers, educators and educational practitioners. Professor Alma Kyraubayeva is one of the pioneers forming the technology of integration education in Kazakhstan. Over time and with the development of technology, the concept of integrated learning is becoming more and more popular and is widely used in various educational institutions and organizations. Today, many teachers and educational institutions actively use integrated learning technologies, combining traditional teaching methods using computers, the Internet, online courses and other technological tools to create flexible and effective learning.

Keywords: integration training, technological integration, national being, national school, program «Senim», interdisciplinary connections, student's personality, creativity.

Теруге 12.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 32,63.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4404

Сдано в набор 12.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4404

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz